

"Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы аумағындағы азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы"

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 02 тамыздағы № 145 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 270 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 22 желтоқсанда № 7660-15 болып тіркелді

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы аумағындағы азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 02 тамыздағы № 145 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5527 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданының әкімі*

Р. Смагулов

"КЕЛІСІЛДІ"

**Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданының мәслихаты**

Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданының әкімдігінің
2023 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 270 қаулыға қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 2 тамыздағы
№ 145 қаулысына қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы аумағындағы азаматтық қызметшілер болып табылатын, ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамтамасыз ету саласындағы мамандар лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі;

2) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;

3) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

4) қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

5) мүгедек балаларды және психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер.

2. Мәдениет саласындағы мамандар лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар коммуналдық мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы (директоры);

2) аудандық маңызы бар коммуналдық мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысының (директорының) орынбасары;

3) ауылдық маңызы бар коммуналдық мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;

4) аудандық маңызы бар коммуналдық мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның әдістемелік кабинет, кітапхана меңгерушісі (басшысы);

5) аккомпаниатор;

6) библиограф;

7) кітапханашы;

8) мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер);

9) барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер);

10) музыкалық жетекші;

11) режиссер;

12) барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер);

13) редактор (негізгі қызметтер);

14) хореограф;

15) дыбыс операторы.